



Ақпараттық хабарлама

Сбербанк онлайнда 24/7 бойы онлайн режимде барынша тиімді курспен валюта айырбастауға болады

2018 жылдың 09 сәуірі, Алматы – Енді Сбербанк Онлайнның қолданушылары барынша тиімді курспен онлайн режимде валюта айырбастау бойынша операциялар жасай алады.

«Сбербанк цифрлық технологияларды дамытуға үлкен күш салуда,» - деп атап өтті «Сбербанк» АҚ ЕБ Басқармасы Төрағасының орынбасары Алексей Акимов. – Біздің қашықтан қызмет көрсететін арналарымыз күннен күнге клиенттер үшін одан да қолайлы, әрі бірегей болып келеді. Валюта айырбастау функциясын біз өткен жылы іске қосқан болатынбыз, қазіргі сәтте бұл қызметтің танымал екенін көріп отырмыз. Бүгінде біз клиенттерімізге конвертация бойынша операцияларды бөлімшелердегіге қарағанда тиімдірек шарттарда жүргізуді ұсынамыз».

Әлемнің кез келген нүсқтесінен валютаны тиімді айырбастау үшін:

- Сбербанк Онлайн мобильді қосымшасын қосу қажет;
- Теңгеде немесе шетел валютасында шот болу керек (қажет болған жағдайда шетел валютасында жинақ шотты онлайн аша аласыз);
- «Валюта айырбастау» бөліміне кіріп, қажетті операцияны жасау керек.

Сбербанк Онлайн – жеке тұлғаларға арналған интернет банкинг. Платформа клиенттерге кең ауқымды функционал ұсынады:

1. 1000 астам қызметті комиссиясыз төлеу;
2. Әлемнің кез келген картасына ақша аударымдары;
3. ҚР-дағы және шетелдегі ұлттық және шетел валютасындағы шоттарға ақша аудару;
4. Банкоматта код бойынша картасыз қолма-қол ақша алу;
5. Онлайн депозит ашу, ішінара толықтыру және одан 24/7 бойы ақша алу;
6. Қос аутентификация жүйесі бар ең заманауи қорғаныс.

Сбербанк Онлайнға тіркелу үшін Сізге SMS-банкинг қосылған Сбербанктің қолданыстағы картасы қажет.

####

«Сбербанк» АҚ ЕБ халықаралық Сбербанк тобына кіреді. Банк Қазақстанның қаржы нарығында 11 жыл табысты жұмыс істеп келеді және активтерінің көлемі бойынша Қазақстандағы ЕДБ арасында 4-орынды алады. Бүгінгі таңда «Сбербанк» АҚ ЕБ-нің 89 құрылымдық бөлімшеден тұратын филиалдық желісі бар, оның 16-сы - филиал. Банктің Орталық офісі Алматы қаласында орналасқан.

www.sberbank.kz

Қосымша ақпаратты алу үшін Сіз әрдайым төмендегі қызметкерлерге хабарласа аласыз:

«Сбербанк» АҚ ЕБ

Екатерина Купреева

+7 (727) 266 35 68, ішкі 502499.

Моб:+7 702 18 16 127

e-mail: yekaterina.kupreeva@sberbank.kz